ДЖОЛДАСБАЕВ ОРЫНБАСАР КАПАРОВИЧТІҢ

«6D051800 – Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметінде жобалық бағдарланған басқару жүйесін енгізу» тақырыбындағы диссертациясына

АНДАТПА

Диссертациялық зерттеудің жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметінде жобалық-бағдарланған басқару жүйесін енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеуге арналған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының қоғамы мен экономикасы дамуының қазіргі кезеңінде ұйымдарды жаппай түрде басқарудың жобалық тәсілдеріне өту барысында «жоба» санаты олардың негізгі қызметін жүзеге асырудың мәні ретінде ғана емес, сондай-ақ оларда жетілген өзгерістерді іске асырудың тиімді нысаны ретінде қарастырылады. Жобаларды іске асыратын ұйымдар қызметінің тиімділігі, көбінесе жобаларды басқару жүйесін тұтастай алғанда, ұйымның корпоративтік басқару жүйесімен интеграциялауға байланысты болады. Бұл тұрғыда жобалық-бағдарланған басқару (ЖББ) және жобалық-бағдарланған басқару жүйесі (ЖББЖ) туралы айту орынды.

Жобалық-бағдарланған басқару – жобаларды орындауға бағытталған басқару түрі; ол дәстүрлік процестік басқару мен инновациялық-жобалық басқаруды ұштастырады. ЖББ қазіргі заманғы менеджменттің маңызды саласына айналды, өйткені бұл тек коммерциялық құрылымдарға ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік органдарға да қатысты.

Бизнесте ЖББ бұрыннан мойындалды, себебі оның өзектілігі сыртқы ортада туындап отырған қатерлерге негізделген:

- ресурстар үшін бәсекелестіктің күшеюі;
- сыртқы факторлардың тұрақсыздығы мен өзгергіштігі;
- бизнес алдында тұрған мәселелердің күрделілігі мен көпжақтылығы;
- экономикадағы инновациялар рөлінің өсуі;
- ақпараттық технологиялардың таралуы;
- түрлі тәуекелдердің күшеюі.

Басқару құрылымдары икемділігін арттыра отырып, бизнес-міндеттерді орындау үшін кестелер мен бюджеттерді сақтауға қойылатын талаптарды арттыра отырып, осы сын-қатерлерге ден қоюға мәжбүр. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, бұл мәселелерді ЖББ құралдары арқылы шешу, процестік басқаруға қарағанда, тиімді.

ЖББ артықшылықтарын түсіну біртіндеп мемлекеттік билік органдарына да келеді. Бұл жалпыұлттық басымдықтар мен ұлттық жобаларды іске асыру бөлігінде мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру қажеттігіне байланысты. Дамыған елдерде мемлекеттік органдарда ЖББ – қазір шындыққа

айналды, себебі жобалар нақты тапсырмалар үшін құрылады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, мемлекеттік органдардағы ЖББ келесілерге қол жеткізеді:

- тапсырмаларды белгіленген мерзімде орындау;
- бюджеттеу тиімділігін арттыру;
- қойылған мақсаттарға жету мүмкіндігін арттыру;
- түрлі тәуекелдерді, соның ішінде бюджетті сақтамау тәуекелін, азайту.

Қазақстанда ЖББ-ға қызығушылықтың ғылыми және іскерлік түрғыдан өсу тренді айқын болғанымен, алайда мемлекеттік органдарда оны енгізу аспектілеріне жеткіліксіз көңіл бөлінуде. Дегенімен де, қазіргі уақытта елімізде да мемлекеттік органдардың қызметіне ЖББ-ды енгізу үшін белгілі бір жағдайлар қалыптасқан десек аз болмайды. Сондықтан ҚР мемлекеттік билік органдарына ЖББ-ды енгізудің тиімді тұжырымдамасы мен моделі қажет, олар белгіленген мәселелерді шешуді көздеуі тиіс. Осының барлығы, тұтасында алғанда, диссертациялық зерттеу тақырыбын өзекті етеді.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары үшін жобалық-бағдарланған басқару жүйесінің тұжырымдамасын әзірлеу және оны енгізу моделін негіздеу болып табылады.

Осы зерттеудің мақсатына жету үшін келесі міндеттерді шешу белгіленеді:

1. Мемлекеттік сектор қызметінде ЖББ жүйесін енгізудің қажеттілігін, оның функционалдығы, орындылығы мен ерекшелігін анықтау арқылы, және әдіснамасын әлемдік теория мен отандық практика тұрғысынан зерттеу.
2. Мемлекеттік органдар қызметінде енгізуге ұсынылатын ЖББ жүйесінің табысты тұжырымдамасын әзірлеу үшін жобалық-бағдарланған басқарудың түсінік-категориялық аппаратын талдау және авторлық көзқарасты тұжырымдау.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында ЖББ жүйесін табысты енгізудің алғышарттары мен факторларын қолданыстағы процестік және жобалық басқаруды синхрондау мәселелері мен тиімді жолын анықтау.
4. Жалпыұлттық басымдықтарды ескере отырып, ҚР мемлекеттік органдарында ЖББ жүйесіне көшуге мемлекеттік қызметкерлердің дайындығын бағалау.
5. Қазақстандық мемлекеттік органдар үшін ЖББЖ тұжырымдамасын әзірлеу және оны табысты енгізу моделін құру.

Зерттеу әдістері. Қойылған міндеттерді шешу және ұсынылған гипотезаларды тексеру үшін жалпы ғылыми (теориялық және эмпирикалық) және айрықша зерттеу әдістерінің кешені қолданылды:

- теориялық: зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерді талдаудың формальді әдісі, логикалық әдіс, талдау мен синтез, индукция мен дедукция, жалпылау, факторлық және жүйелік талдау;
- эмпирикалық: бақылау, ақпаратты жинау мен өңдеудің статистикалық және әлеуметтік әдістері, сараптамалық бағалау, экономикалық-

математикалық және имитациялық модельдеу әдістері, корреляциялық-регрессиялық талдау.

- айрықша: зерттеу нәтижелерін қорытындылауға арналған стратегиялық талдау әдістері (PEST, мүдделі тараптарды талдау, SNW, SWOT, себеп-салдарлық диаграммалар).

Зерттеу нәтижелерінің негіздемесі мен анықтығы статистикалық талдаудың жалпы танылған әдістерін, ашық ресми көздерден алынған ақпаратты, сондай-ақ өз зерттеулерін пайдаланумен расталады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығын келесілер анықтайды:

1. Мемлекеттік органдар жүзеге асыратын жобалардың инклюзивтілігін арттыру жөнінде ұсыныстар, атап айтқанда жоба стейкхолдерлерінің түрлі топтарының мақсаттары, талаптары мен күтілетін нәтижелерінің жүйесі әзірленді.

2. Әлемдік жобалық менеджментте қалыптасқан ғылыми-теориялық және эмпирикалық түсініктік-категориялық аппаратты сыни талдау негізінде мемлекеттік органдарда енгізуге ұсынылатын ЖББ жүйесінің авторлық анықтамасы берілді және оның функционалдық құрамының бірегей нұсқасы әзірленді.

3. ҚР-дағы мемлекеттік ұйымдардың менеджментінде процестік және жобалық басқару тәсілдемелерін синхрондаудың авторлық көзқарасын негіздеу арқылы мемлекеттік органдарда енгізуге ұсынылатын ЖББ жүйесіне көшірудің алғышарттары мен факторлары анықталды, оған қойылатын талаптар жүйелендірілді.

4. Қазақстанның ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, көп критериалды және сатылас сараптама арқылы мемлекеттік органдардың ЖББ жүйесіне көшуге дайындығы, атап айтқанда мемлекеттік қызметкерлердің құзыреттері, сыртқы және ішкі орталардың факторлары бағаланды. Нәтижеде ҚР мемлекеттік органдарының ЖББ жүйесіне көшуге дайындығының профилі құрылды.

5. ҚР мемлекеттік органдарына енгізуге ұсынылатын ЖББ жүйесінің авторлық тұжырымдамасы әзірленді және оны енгізу моделі құрылды, сондай-ақ нақты бір мемелекеттік органы қызметінің негізінде ЖББ моделін енгізудің әлеуметтік және экономикалық оң нәтижелері іс жүзінде негізделді.

Диссертацияның қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдары

1. Қазіргі таңда тұрақты және инклюзивті экономикалық дамуды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сектордың тиімділігімен қатар оның инклюзивтілігін арттыру аса маңызды мәселе. Осы мақсатта, әлемдік тәжірибеде тиімділігі дәлелденген және орнықты инклюзивті даму теориясының қағидаларын ескеретін, ЖББ жүйесінің моделін мемлекеттік органдарында енгізуді ұсынады. ЖББ жүйесі шеңберінде мемлекеттік органдар басқаратын жобаларда аса маңызға ие стейкхолдерлер топтарын, олардың мақсаттарын, талаптары мен жобалардан күтілетін нәтижелерін біріктіретін жүйесін әзірледі.

2. Зерттеу барысында мемлекеттік органдарында қолданыстағы басқару әдістемесін жетілдіру үшін енгізуге ұсынатын ЖББ жүйесінің түсінігі мен

санаттарын айқындау қажеттілігі туды. Осы мақсатта жобалық менеджменттің дүниежүзілік ғылыми-зерттеу базасы мен тәжірибесінде қалыптасқан әртүрлі көзқарастар мен тұжырымдамалардың сыни талдауы жасалды. Нәтижеде, ұсынылатын ЖББ жүйесінің авторлық анықтамасы және оның функционалдық құрамының бірегей нұсқасы берілді.

3. ҚР мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында ондағы қолданыстағы басқарудың процестік және жобалық тәсілдемелерін біріктіру қажеттілігі айқындалды. Осыған орай, оларды тиімді синхрондаудың жолы ретінде мемлекеттік органдардың ұйымдық құрылымын ЖББ жүйесіне бейімдеудің авторлық үлгісі негізделді. Ол үшін ұсынылатын авторлық ЖББ жүйесіне қойылатын талаптар жобалық менеджменттің халықаралық және отандық стандарттары, нормативік құжаттар мен отандық тәжірибе негізінде жүйелендірілді. Талдау негізінде ЖББ жүйесін табысты енгізудің алғышарттары мен факторлары анықталды.

4. ҚР мемлекеттік органдарына ЖББ жүйесін табысты енгізуін қамтамасыз ету үшін елде жүзеге асырылатын мемлекеттік басқарудың ұлттық ерекшеліктерін ескеру маңызды. Осы мақсатта көп критериалды және сатылас сараптамалық бағалау негізінде ЖББ жүйесін енгізуден туындайтын теріс салдар, мәселелер мен кедергілер және мемлекеттік органдардың басқа басқару жүйесіне көшуге дайындығын өлшейтін критерийлері анықталды. ҚР мемлекеттік органдарының ЖББ жүйесіне көшуге дайындығының бейіні құрылды, оның ішінде осал/күшті жақтары мен ЖББ технологияларын қабылдау үшін оларға қажетті құзыреттіліктер анықталды. Нәтижеде, стратегиялық талдаудың танымал әдістерін қолдану арқылы ҚР мемлекеттік органдарында ЖББ жүйесін енгізуге қолайлы сыртқы және ішкі факторларын бағалай алды.

5. Жоғарыда алынған ғылыми нәтижелердің негізінде ҚР мемлекеттік органдарында енгізуге ұсынған ЖББ тұжырымдамасының моделін ұсынды. Модель сегіз өзара байланысты жобадан құрылған, ол персоналды басқару жүйесіндегі, ұйымдық құрылымдағы өзгерістер кешенін, IT басқаруды енгізуді, нормативтік-құқықтық базаны өзектендіруді көздейді. Дәлелдеме ретінде 86 қызметкері бар бір мемлекеттік органында ЖББ моделін енгізгендегі тиімділік көрсеткіштерінің артуын есептеп көрсетті, атап айтқанда уақыт факторы тиімділігінің ұлғаюын, жоба тәуекелдігі мен зардаптарының азаюын және әлеуметтік нәтижесінің өсетінін келтіреді. Осылайша іс жүзінде ҚР-дағы мемлекеттік органдарына ЖББ моделін енгізудің маңыздылығы мен қажеттілігі негізделді, демек бұл оң нәтижені басқа да мемлекеттік органдарға таратуға болады. ЖББ моделі мемлекеттік органдарға Қазақстанның орнықты және инновациялық дамуының стратегиялық маңызды жоспарларын табысты іске асыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Зерттеуде қамтылған теориялық және әдіснамалық әзірлемелер ҚР-ның мемлекеттік басқаруында жобалық-бағдарланған тәсілді енгізу және пайдалану мәселелерін одан әрі пысықтау үшін қолданылуы мүмкін. Атап айтқанда, мемлекеттік органдарда процестік және жобалық басқаруды ұтымды үйлестірудің авторлық моделі мемлекеттік

органдар қызметіндегі жобалардың тәуекелдіктерін басқару модельдерін одан әрі жетілдіру үшін негіз ретінде алынуы мүмкін.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы. Диссертациялық зерттеу нәтижелері (тиімді ЖББ енгізу тұжырымдамасы, ЖББ енгізу жобасының кезеңдерінің мазмұны) олардың қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында ҚР мемлекеттік органдарына енгізуге ұсынылады.

Диссертацияның тәжірибелік тұжырымдары мен ұсыныстарын ҚР-ның мемлекеттік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын қалыптастыру барысында пайдалана алады. Диссертацияның нәтижелері инновациялық типтегі экономикаға көшу бағдарламаларына, мемлекеттік инновациялық саясат стратегиясына; мемлекеттік және аймақтық деңгейлерде инновациялық қызметтің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру процестеріне; ҚР мемлекеттік органдарының инновациялық дамуының кешенді бағдарламаларын әзірлеу кезінде енгізілуі мүмкін. Диссертациялық зерттеуде ұсынылған тұжырымдар мен әзірленген ұсыныстар жобалық тәсіл негізінде: ҚР дамуының инновациялық саясатын жетілдіруге; инновациялық қызметтің тиімділігін арттыруға; инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың жүйелілігі мен нәтижелілігін арттыруға; инновациялық инфрақұрылымның дамуын ынталандыруға; мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің инновациялық белсенділігінің деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарында ЖББ тиімділігі факторларының бейіні әзірленді. Бұл бейінді мемлекеттік органдардағы ЖББ тиімділігін арттыру мақсатында КМ-гі және басқарудың ішкі ұйымындағы өзгерістердің векторларын анықтау үшін пайдалануға болады.

Зерттеудің бірқатар теориялық және тәжірибелік нәтижелерін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелерінің оқу процесінде мемлекеттік басқарумен және жобаларды басқарумен байланысты курстарды оқу кезінде пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау.

Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері 2018-2021 жылдардағы 3 халықаралық ғылыми және ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен форумдарда ұсынылды және жоғары бағаланды.

Зерттеу нәтижелерін жариялау

Диссертация тақырыбы бойынша 4 ғылыми мақала жарияланды (1 нөлдік емес импакт-факторы бар журналда; 3 ҚР ғылыми қызметінің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Комитет айқындайтын тізбедегі жетекші рецензияланатын журналдарда).

Диссертациялық зерттеудің құрылымы мен көлемі:

Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған көздер мен қосымшалардың тізімінен тұрады. Жұмыстың негізгі мәтіні 145 бетте берілген, 63 кестеден, 38 суреттен, 10 формуладан тұрады.